

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

Омарова А.І.

Кітап өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының
технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 20 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Кітап өнімдерін шығаратын баспаханың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалау»

5B072200 – Полиграфия

Орындаған

А.І. Омарова

Ғылыми жетекші

КТ каф. лекторы

 Ж.Ж. Толыбаева

« 20 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 17 » 11 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Омарова Айгерім Іргебайқызы

Тақырыбы : «Кітап өнімдерін шығаратын баспаханың басуға дейінгі
цехының технологиялық бөлімін жобалау»

Университет Ректорының 2018 жылғы «06» қараша № 1252-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «23» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: басылымның форматы мен
бөлшегі: 60×90^{1/8}, 70×100^{1/16}, 84×108^{1/32}; Көлемі(ф.б.т.): 22, 20, 12;Таралымы,
мың дана: 25, 30, 27; Атау саны: 150, 100, 80;

Мерзімділігі: 1, 1, 1; Бояулығы: 4+4;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Технологиялық бөлім

б) Еңбек қорғау бөлімі

в) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

Сызба материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан,
жабдықтардың жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, технико-
экономикалық көрсеткіштерінен тұрады.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 14 атаудан тұрады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01-01.03.2019	
Еңбекті қорғау бөлім	01.03-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03-30.04.2019	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	20.05.19	
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	20.05.19	

Ғылыми жетекші

 Ж.Ж. Толыбаева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

_____ А.І. Омарова

Күні

« 15 » 11 2018 ж.

АНДАТПА

Жобаланатын дипломдық жобада кітап өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімі қарастырылған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі;
- экономикалық бөлім.

Технологиялық бөлімде басуға дейінгі цехының технологиялық процесі жобаланды. Түсіндірме жазбада цехқа қажетті жабдықтар саны, негізгі материалдар шығыны, жұмысшылар саны және т.б. қажетті көрсеткіштер келтірілген.

Экономикалық бөлімде жобаланған цехтың техника-экономикалық көрсеткіштері есептелді.

Еңбекті қорғау бөлімінде басуға дейінгі цехтың жарықтандыру мәселелері қарастырылады.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 43 беттен, 21 кестеден, 1 суреттен тұрады.

Сызбалық бөлім келесі сызба түрінде берілген:

- басылымды басуға дейінгі цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы;
- басуға дейінгі цехының жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- техника-экономикалық көрсеткіштері.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассматривается технологическая часть допечатного цеха типографии по выпуску книжной продукции.

Дипломный проект состоит из следующих разделов:

- технологическая часть;
- безопасность и охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части проекта дается полное описание технологическому процессу допечатного цеха. Таким В пояснительной записке проекта рассчитаны количество необходимого основного оборудования, расход основных материалов, подсчитан рабочий персонал и другие показатели.

В экономической части рассчитаны технико-экономические показатели допечатного цеха.

В разделе охраны труда рассмотрены вопросы освещения допечатного цеха.

Пояснительная записка дипломного проекта состоит из 43 страниц, 21 таблиц, 1 рисунка.

Графическая часть проекта представлена в виде чертежей:

- технологическая схема изготовления издания в допечатном цехе;
- планировка производства;
- схема грузопотоков;
- план эвакуации при чрезвычайных ситуациях;
- технико-экономические показатели.

THE SUMMARY

In the designed thesis project is considered the technological part of the prepress shop printing house for the production of book products.

The graduation project consists of the following sections:

- technological part;
- safety and labor protection;
- the economic part.

The technological part of the project provides a full description of the technological process of the prepress shop. Thus, in the explanatory note of the project, the amount of the main equipment required, the consumption of basic materials, the working personnel and other indicators were calculated.

In the economic part, the calculated technical and economic indicators of the prepress shop.

In the section of labor protection considered the issues of lighting prepress shop.

Explanatory note of the graduation project consists of 43 pages, 21 tables, 1 figure.

The graphic part of the project is presented in the form of drawings:

- technological scheme of production of the publication in the prepress shop;
- production planning;
- traffic flow diagram;
- emergency evacuation plan;
- technical and economic indicators.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Басуға дейінгі процесі технологиясының басу әдісін таңдау	10
1.2	Басылымның техникалық сипаттамасы	11
1.3	Басылымдарды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы	12
1.4	Басуға дейінгі процестің сипаттамалары	12
1.5	Негізгі жабдықтарды таңдау	14
1.6	Бақылау-өлшеу құралдарын таңдау және орнықтыру	18
1.7	Басуға дейінгі цехта қолданылатын негізгі материалдар	19
1.8	Технологиялық есептеулер	20
2	Еңбек қорғау бөлімі	21
2.1	Қауіпті және зиянды факторлардың талдауы	21
2.2	Өндірістік жарықтандыру	21
2.2.1	Жасанды жарық есебі	21
2.3	Электр қауіпсіздігі	22
2.4	Техника қауіпсіздік ережесі	23
3	Экономикалық бөлім	24
3.1	Күрделі (бірреттік) шығын	24
3.1.2	Ағынды үлестірімдер (айлық шығындар)	27
	Қорытынды	35
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	
	Қосымша А	
	Қосымша Б	

КІРІСПЕ

Полиграфия өндірісінде өнімді шығару үш процестен тұрады: басуға дейінгі, басу және басудан кейінгі.

Басуға дейінгі процесс – өндірісте басылатын өнімдерін басуға дайындау технологиясы мен іс-әрекеттің үйлесімділігі. Басуға дейінгі процеске мәтінді өңдеу және түзету, бейне және фотографиялармен жұмыс істеу, сканерлеу, түс бөлу, макеттеу, беттеу және басу формасын алу кезеңдері кіреді.

Дәстүрлі технологияның сандық технологияға ауысуы басуға дейінгі процесстің кезеңдерін өзгеріске ұшыратты. Қазіргі кезде басу пластиналары қолданыста болғанымен, олар өз орнын компьютерлік әдіске беруде.

Стр технологиясының жалғасы классикалық Стр құрылғысы. Мұнда да жарық сезгіш материалға сәуле әсерін тигізу үшін лазер қолданылады. Дәстүрлі офсеттік пластиналары ультракүлгін диапозонында жұмыс істейтін лазерлерге сезімтал. Бірақ бұл көп энергия шығынына әкеледі, полиграфияда қолдану мүмкін емес. Сондықтан жылуға (термальды) немесе жұмсақ ультракүлгін (күмісгологенді) арнайы сезімтал Стр пластиналары пайда болды.

Стр (Computer-to-plate, компьютер – басу формасы) – офсеттік пластинаны тікелей сәуле әсерін тигізу технологиясы. Бұл технологияның ерекшелігі фотоформа шығару, монтаж және көшіру процестерін орындамай, ақпаратты файлдан тікелей формдық материалға түсірілуі. Бұл баспаханаға ұтымды болады. Өйткені технологиялық процестің жақсы, ыңғайлы ұйымдастырылуы, жоғары сапалы өнім алуға және өнімнің өзіндік құнын азайтуға кең жол ашады.

Жобаланатын өндірістің шығаратын өнімінің мазмұнына көңіл бөлсек, қазіргі заманға сай көп бояулы басылымдар. Отандық полиграфияны таразылап жаңа техника мен технологияны пайдаланып осы уақыт талабына сәйкес келетін адам баласы сүйсініп оқитын, қоршаған ортаға өзіндік көзқарасын аңғартатын, әлемдегі жаңалықтарды беретін рухани қазына ретінде, ғылыми ойдың даму тарихында танылған жаңалықтарды мұғаліммен талдап, жинақтап, жүйелеп отыру үшін, отандық ғылым мен техниканың қауырт жаңғырып, жаңа биікке көтерілер шағында өте қажет басылым.

Бұл дипломдық жобада басуға дейінгі процеске (яғни, Стр технологиясы бойынша) сипаттама беріле отырып, технико-экономикалық көрсеткіштері келтірілген. Басу офсеттік басылым әдісімен басылып, журнал басылымдарын өңдеу арнайы ағымды желілерде орындалады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Басу әдісін таңдау

Офсеттік басу әдісі бейненің сызықты элементтері нақты, жоғары дәлдікте берілуін қамтамасыз етеді. Аз тираждың болғаны форма дайындау уақытына және бір тираждан екінші тиражға өту уақытына көңіл қоюға мәжбүр етеді.

Басу формасын дайындау бағасы, басқа басу әдістеріне карағанда төмендеу, жұмыс жылдамдығы да жоғарырақ, басу машинасын жұмысқа дайындауға кететін уақыты аз, қатырмада басу мүмкіндігі бар. Осының барлығы басылымның өзіндік құнын төмендетеді.

Басу әдісін таңдауда ,біріншіден, басу түріне, полиграфиялық сапа шарттарын орындау талаптарына, басылымның шығу мерзіміне, таралымдығына, өндірістің технологиялық мүмкіндіктеріне көңіл бөлу керек.

Офсеттік басу әдісі жоғары өнімді машиналарда, басылымды басу жылдамдығы жоғары, сондай-ақ басу формасын даярлауына аз уақыт кетуін, осы тұрғыда өндірісті ұйымдастыруда тиімді шешім ретінде пайдалану керек.

Басу тәсілін таңдау кезінде мыналарды ескеру керек:

- әртүрлі тәсілмен басу кезінде басылымның полиграфиялық орындалуының сапасы, әрбір басу тәсілінің өзінің артықшылықтары;

- басылым шығаруда пайдаланатын басу техникасының сипаты, оның өнімділігі, басылымды шығару мерзімі, машинаны пайдалану уақыты.

- басу және басу формасын жасау цехтарындағы өндірістің зияндылығы, қайта шығарудың бірдей сапасында зияндылығы аздау басу тәсілін пайдалануға ұмтылу керек. Ол инженерлік құрылысты қойып пайдалану жағынан белгілі бір экономикалық эффект береді;

- кәсіпорынды салып пайдалану кезіндегі өндірістің экономикалық тиімділігі.

Қазіргі уақытта жаңа технология, «компьютер – басу формасы» деген атпен белгілі. Басылым парағындағы бейне-кескінді бірден формалық пластинаға жаздыруға мүмкіншілігі бар, яғни технологиялық тізбекте фотоформа болмайды. Одан кейін пластинаны процессорда өңдеу жүргізіледі. Басу формаларын жасау тәсілдері мен сол процесті жүргізетін жабдықтар әрқашан жетілдіруде және өзгеріп тұрады, сонымен қатар формалық пластиналардың өздері де өзгеріп тұрады.

1.2 Басылымның техникалық сипаттамасы

Өндіріске тапсырыс 1 жылдық жүктеме ретінде келеді. Ол жүктемеде басылымдардың толық шығаратын мәліметтері беріледі. Жобаланатын басылымдардың техникалық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

1 Кесте – Басылымның техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің атаулары	Кітап (I)	Кітап (II)	Кітап (III)
Басылымның форматы	60×90/8	70×100/16	84×108/32
Таралымы, мың дана	25	30	27
Блоктың көлемі:			
физ.баспа табақта	22	20	12
шартты баспа табақта	22	26	20,16
қағаз табақта	11	10	6
беттерде	176	320	384
Атаулар саны	150	100	80
Басылымның жылдық саны	3750	3000	2160
Безендіру варианты	екінші	екінші	екінші
Шрифт гарнитурасы:			
- негізгі мәтін	Times New Roman	Times New Roman	Times New Roman
- қосымша мәтін			
Шрифт кеглі			
- негізгі мәтін	14п	14п	14п
- қосымша мәтін	10п	10п	10п
Беттеу	1 бағаналы	1 бағаналы	1 бағаналы
Титулдық бет	20% - мәтін 80% - бейне	25% - мәтін 75% - бейне	15% - мәтін 85% - бейне
Басылымды басудың түрі	офсеттік	офсеттік	офсеттік
Басылым элементінің бояулылығы:			
блок	4+4	4+4	4+4
мұқаба	4+0	4+0	4+0
форзац	4+0	4+0	4+0
Жинақтау түрі	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып
Мәтіндегі бейнелердің пайыздық қатынасы	40%	20%	50%
Дәптерлерді бекіту әдісі	жіппен тігу	жіппен тігу	жіппен тігу
Басылымдағы қағаз түрі	офсеттік	офсеттік	офсеттік
Дәптерлер: бүгілімнің түрі дәптердегі беттердің көлемдері	үш бүктелген перпендикуляр 16	үш бүктелген перпендикуляр 16	үш бүктелген перпендикуляр 16
Түптеу қап: типі жамылғы материалдың түрі	№4 мұқабалық қағаз; пленкамен престоу	№4 мұқабалық қағаз; пленкамен престоу	№4 мұқабалық қағаз; пленкамен престоу
Форзацтың безендірілуі	қарапайым желімденетін	қарапайым желімденетін	қарапайым желімденетін
Түптеу қабына арналған форма саны	600	400	320
Жылдық басылым үшін формасының саны	13200	8000	3840
Форзац үшін форма саны	1200	800	640

1.3 Басылымдарды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы

Әр технологиялық процестің өзіндік ерекшеліктері бар. Сол себепті басылымды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы біз таңдаған «Computer-to-plate» технологияға байланысты таңдалады. Ол сұлбаның кескіні 1-суретте көрсетілген.



1 Сурет – Кітап өнімдерін даярлаудың басуға дейінгі процесінің технологиялық схемасы

1.4 Басуға дейінгі процестің сипаттамалары

Мәтінді енгізу – терілімді дайындау процесінің бастапқы кезеңі. Мәтінді теру – компьютер, фототерім, қолмен теру және т.б. көмегімен түпнұсқа мәтіннен мәтіндік формалардың қалыптасуы.

Басуға дейінгі процестің алғашқы кезеңі теру, яғни мәтінді дайындау, оны форматтау болып табылады. Теру – фотоформаны дайындау үшін, түпнұсқаны (қолжазбаны) оқи отырып, компьютер арқылы (әріптер, тыныс белгілер, сандар, формулалар мен кестелер т.с.с.) теріп, жиыстыру.

Корректурa – терілген баспа-таңбадағы, репродукцияланған түпнұсқа бейнелерінің сынама баспа-таңбаларындағы және басқа да мәтін-бейне материалдардың баспа-таңбаларындағы кеткен қателіктерді түзету үдерісі.

Сканерлеу – дегеніміз берілген бір траекториядағы мәтінді немесе суреттің әрбір элементін санға айналдырып жазу (көшіру). Басылымды басуға дайындау барысында, штрихты және растрлы мәтін – бейне суреттерін санға айналдырып компьютерге енгізу. Сканерлер - қол сканері, планшетті сканер, барабанды сканер, проекциялық сканерлер (слайд сканер) болып бөлінеді.

Бейнені өңдеу – ЭЕМ көмегімен алғашқы бейнені түрлендіру. Бейнелік материалдар (слайдтар, фотосуреттер, кестелер, сызбалар және т.с.с) баспадағы немесе полиграфиялық кәсіпорындағы түске бөлу бөлімшесінде өңделеді. Бейнені өңдеу графикалық және векторлық редакторлармен іске асырылады.

Векторлық редакторлар – әртүрлі безендіру элементтерін, таңбалар мен әріптерді өзгертуге, көркемдеуге мүмкіндік беретін бағдарламалар.

Графикалық редакторлар – фотосуреттерді компьютерге енгізуден бастап, оларды көркемдеу, әртүрлі ақауларын жою сияқты күрделі операцияларға дейін жүзеге асыратын бағдарлама.

«Adobe Photoshop» – бейнелерді стандартпен беретін үздік редактор. «Photoshop» бағдарламасында – сканер, сандық фотокамера және бейнетаспадан алынған суреттер мен бейнелер өңделіп, түзетіледі. Оның көмегімен растрлық суреттердің көп түрін жасауға болады.

Түсті бөлу. Түсті бейнелердегі түстерді бөлу процесі 4 негізгі түске – көгілдір (Cyan), қызылқошқыл (Magenta), сары (Yellow), қара (Black) – CMYK сай жүргізіледі. Негізінде түске бөлу процесі көптеген тізбектерден тұратын процесс болып табылады, ең соңында дайын «пленкаларды» алу болып табылады.

Беттеу. Мәтіндер, кестелер, тақырыптар мен қосалқы мәтіндер компьютерде теріліп болғаннан кейін орындалатын жауапты жұмыстардың бірі – беттеу басталады. Беттеу кезінде басылымның барлық элементтері біртұтас жинақталып, бірдей көлемді беттер түрінде, белгілі бір тәртіппен орналастырылады. Беттеу Adobe InDesign бағдарламасында жүзеге асырылады.

Беттерді орналастыру. Көркемдеу талаптарына байланысты суреттерді беттеудің бірнеше тәсілдері бар. Олар: мәтін-сурет аралас терілген беттің ішінде мәтіннің бір жағынан (ашық беттеу), екі жағынан, үш жағынан (жабық беттеу) және төрт бағаналы терім жағдайында төрт жағынан (бітеу беттеу) беттеу тәсілдерімен орналастыруға болады. Беттеу аяқталған соң сынама көшірме қаралып шығады да, корректуралық түзету-жөндеулерден өтеді.

Басу формасы – пластиналар, плиталар немесе цилиндр беті, яғни металдан, пластмассада, қағаздан, ағаштан жасалған беттік аймағы арнайы өңделген боп келеді. Басу формасындағы басу мен ашық жол элементтері бір

деңгейде дерлік орналасқан. Басу элементтерінің беті гидрофобты (ол бояуды ұстайды, суды және оның ерітінділерін итереді), ал ашық жол элементтерінің беті гидрофильді (суды және оның ерітінділерін ұстайды да бояуды итереді).

Сынама басу – шығынқы, офсеттік және ойынқы басу әдістері арқылы бір және көп түсті сынама басуларды алу процесі. Сынама баспа-таңбалар басу формасының және баспа-таңбаларды басудың технологиялық процесін бақылау болып табылады. Таралымды басу кезінде қолданылатын баспа бояуларын, баспа қағазын және формалық пластиналарды қолдану арқылы сынама жүргізіледі. Бояулар үйлесімдігі таралымды басудағыдай болу керек. Уақытты үнемдеу арқылы көбінесе сынама басудың түстік сынамамен алмастырылады.

Computer-to Plate (компьютер басу формасы, қысқаша CtP) технологиясы дегеніміз бірден компьютерден алынған цифрлық мәліметтер негізінде формада бейне-кескін алу көмегімен басу формаларын жасау тәсілі.

CtP технологиясын өндіріске енгізу мынандай артықшылықтарды береді:

- 1) басу формаларын жасаудың технологиялық цикл уақыты қысқарады;
- 2) фотоматериалды өңдеу операциялары болмайды;
- 3) фотоформаны формалық пластиналарға көшірмелеу операциялары болмайды;
- 4) экспозицияланған формалық пластиналарды өңдеу операциялары болмайды.

1.5 Басуға дейінгі процесте қолданылатын негізгі жабдықтар

Басуға дейінгі цехта басылымдарды дайындау жүйесінің құрылу негізіне дұрыс ұйымдастыру жатады, барлық технологиялық операциялар енгізу бейнелік ақпаратты өңдеу бір-бірімен байланыста бірдей өлшемдегі, параметрлі, әртүрлі басқару процесі пайдаланылады.

Мәтінді теру үшін Intel Pentium 6 компьютерін таңдадым. Оның техникалық сипаттамасы 2-кестеде берілген.

2 Кесте –Intel Pentium 6 компьютерінің техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Көрсеткіштері
Жедел жады	WindowsXPPro
Процессор	
Компьютер процессоры	IntelPentium 4 2.4 ГГц
Дөңгелек айналымы	533 МГц
Кэш L2	512 К
Видео	
Видео типі	Бірізді
Видео	IntelExtremeGraphics 2
Аудио	
Компьютер дыбысы	AC 97
Конфигурация	
Чипсет Intel	865 G

Жедел жады	256 Мб DDR333 SDRAM; 4 Гб- дейін
Оптикалық реттеу 2-кестенің жалғасы	CD-ROM 48xIDE

HDD	5400 айн/мин; UDMA/100
FDD	бар
Өлшемі (Е×Б ×Ұ)	45,6×13,8×38,7 см
Орама өлшемі	61×54×41 см
Брутто салмағы	15,05 кг

Бейнені өңдеу үшін *HP Pavilion-27a-A155UR* моноболғынтададым. HP Pavilion-27a-A155UR моноблогының техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілген.

3 Кесте – HP Pavilion-27a-A155UR моноблогының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Өлшемдері
Өлшемі, см	65,48×20,35×55,34
Салмағы, кг	10,29
Жадының стандартты көлемі	DDR 4-2133 SDRAM, 8 Гбайт (1×8 Гбайт)
Жады үшін слоттар	SODIMM атты 2 слот
Операциялық жүйе	Windows 10, үй 64
Процессор жиынтығы	Intel Core™ i5-6400T (такт жиілігі 2,8 ГГц, кэш-жады 6 Мбайт, 4 ядро)
Экран	Дисплей Full HD IPS
Графика	Дискретті NVIDIA GeForce 930MX

ColortracSmartLF Gx42e/GxT42e ірі өлшемді сканері. Параметрлері: ірі өлшемді сканер, ірі түсті гаммалы және 3 секундта түсті бейнелерді жақсы жылдамдықта сканерлеу. GxT модельі жуан түпнұсқаларды – ГИС және полиграфиядағы сканерлеруге арналған.

Ақпаратты сканерден өткізу үшін Colortrac SmartLF Gx42e/GxT42e сканерін таңдадым. Оның техникалық сипаттамасы 4-кестеде берілген.

4 Кесте – Colortrac SmartLF Gx42e/GxT42e сканерінің техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Көрсеткіштері
Бейненің максимальды ені	42” (106.7 см); бейне ұзындығы сканермен шектелмейді
Максимальды ені, тасушының қалыңдығы	Ені 48” (121.9 см), қалыңдығы 0.02” (0,5 мм) Gx үшін және 0.8” (20 мм) GxT үшін
Сканерлеу нақтылығы	+/- 0.1% +/-1 пиксель
Оптикалық тығыздық (dpi) (кіру 1200 × 600/ шығу 600 × 600)	1200

EDC ақпараттық қамтамасыздануы (опция)	ISIS драйвері - EDM жүйесінің шусыз байланысы және мәлімет базасы
--	---

4-кестенің жалғасы

Сканерлеу режимі	RGB (24-бит) 16,7 миллион түс 256&16RGB түсі адаптивті индексті түстік палитра (8&4 бит) 256 нұсқалы сұр реңк (8-бит) қара – ақ (1-бит)
Түстік жүйесі	RGB-дің өңделмеген нормалдық /линеариздік мәліметі
Түстік бейнелердің өңделуі	Контрастылығы, ашықтығы, қара-ақ реттеулер
Жарықтың шығуы	1.6 см диаметрлі 2 жоғарғы эффектілі люминесцентті лампалар
Сканерлер режимдері және бір басумен басқарылуы	ЖК панель, тоқта, алға және айналдыру тетіктер : Сканерлеу/Көшіру (Scan/Copy);Ашу/Жабу (Open/Close)
Өлшемдері, см	144 (ені) × 17(биіктігі) × 37 (ұзындығы)
Салмағы, кг	49
Электрожүйе талаптары	Кернеуі 90~250 В, Жілігі 47~63 Гц, қуаты 240 В-А

16

HP OfficeJet 8000DWN (CB047A) лазерлік принтер. Менің жобамда HP OfficeJet 8000DWN (CB047A) принтері таңдалды. Оның техникалық сипаттамасы 5-кестеде берілген.

5 Кесте – HP OfficeJet 8000DWN (CB047A) принтерінің техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Көрсеткіштері
Принтер типі	Бүрікпелі
Басудың типі	Түсті басылымдар
Бояулар саны	4
Түстік басылымдарға максималь тығыздығы	4800 × 1200 dpi
Қағаз берілуі	250 парақ (стандартты), 500 парақ (максимальды)
Интерфейстер	USB 2.0, Ethernet, Wireless 802.11 b/g
ОС қолдауы	Windows, Mac OS

SummaCut D120R (плоттер). SummaCut сериясы – қол жетімді бағамен алынатын, жан-жақты мүмкіндіктері бар қазіргі кезде қолданылатын плоттер түрі. Кесу жолының максимальды ені 50 метрге дейін.

6 Кесте – SummaCut D120R плоттерінің техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Көрсеткіштері
Көлденеңнен кесу жылдамдығы, мм/сек <i>6-кестенің жалғасы</i>	1 131

Үдеткіші, g	3
Пышақ	Флюгерлі
Пышақ қысымы	0-ден 400 граммға дейін
Нақтылық, мм	±0,1
Материал қалыңдығы (стандарттыпышақ), мм	0,05 - 0,25
Материал қалыңдығы (Sandblast пышағы), мм	0,8
Кесілу ені, мм	1200
Кесілу ұзындығы, м	50
Пленканың максимальды ені, мм	1280
Есте сақтау, Mb	2
Интерфейс	USB 1.1 и Serial RS-232C
Басқару тілі	Summa DM/PL, HP-GL or HP-GL2 (with selectable origin; HP7475 and HP 7 580/7 585)
Электрөткізу қабілеті	100-130 В/220-240 В, 48-62 Hz
Габариттік өлшемдері (Б × Е × Ұ), мм	1 050 × 1 590 × 682
Салмағы, кг	62

CtP PlateRite 9400. CtP – полиграфия нарығындағы жаңа технология. Dainippon Screen фирмасы басу пластинасын лазерлік экспонирлеуден өткізгенде «сыртқы барабан» технологиясын қолданады. PlateRite 8800 қондырғы пластиналарға әртүрлі термальды сезгіш қабат технологиясы арқылы сәуле әсерін тигізуге арналған.

Форманы жасау үшін CtP PlateRite 940 таңдалды. Оның техникалық сипаттамасы 7-кестеде көрсетілген.

7 Кесте – CtP PlateRite 9400 техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Көрсеткіштері
Құрылымы	Сыртқы барабан
Өлшемі, мм	1160 × 940 (минималды 450×370 (опциональді 304×370))
Лазер типі	GLV технологиясы бар 512-каналды термальды басшасы
Қабілеті	1200/2400/2438/2540 dpi (опциональді - 4000 dpi)
Қайталануы	±5 мкм (23°C температура мен салыстырмалы ылғалдылығы 60% -ға тең бірізді шығарылған 4 пластина)
Экспонерлеу өлшемі, мм	1160 × 926 (алдыңғы ұстау алаңы 6 мм, артқы алаң - 8)
Экспонерленген материал, мм	Монометалды басылым пластиналары, қалыңдығы 0,15-0,3 (опциональды 0,4) термальды сезгіш қабатпен
Электрөткізгіш, В,А	200 - 240 , 21
Қуаты, кВт	Максималды ~ 5,0

Эксплуатация шарттары	Қажет етілетін температура/ылғалдылық: 21-25 °С, 50-70%; жіберілетін температура/ылғалдылығы: 18-26 °С, 40-70%
-----------------------	---

7-кестенің жалғасы

Орамасыз габариттер, мм	(Е×Ұ×Б): экспонерлеу модульі - 2420×1263×1295; компрессор - 715×693×550 ; суыту қондырғышы - 385×460×715
Орамасыз салмағы , кг	Экспонерлеу модульі - 1150 , компрессор - 85 , суыту қондырғышы - 70
Габариттік өлшемдері, мм	3550×1820×1756

1.6 Бақылау-өлшеу құралдарын таңдау және орнықтыру

Бақылау операциялары объективті құрал өлшеуішті базасында өтілуі керек. Денситометрлік әдіс құралдарды бақылаудың арасындағы ең көп тараған әдіс болып саналады. Түпнұсқадан баспа-таңбаға дейін репродукцияның әрбір бөлімінде қолданылады.

Techkon R410/R410e (СМҰК-ты өлшеу денситометрі). Бұл денситометрлер СМҰК өлшемі бойынша барлық қажетті сапалы толық түсті қамтамасыз етеді: тығыздықты, тығыздықтың әртүрлілігін, растрлы нүктелердің пайызын, басу қанықтылығын. Techkon R410 құралының техникалық сипаттамасы 8-кестеде көрсетілген.

8 Кесте – Techkon R410 құралының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Көрсеткіштері
Типі	қолды
Қызметі	Басу формасы мен баспа-таңбаны өлшеу
Өлшеу диапазоны	0.00-2.50D; 0 -100%
Аппертура, мм	3,2
Өлшеу нақтылығы	0,1 D; 1%
Өлшемдері, мм	56×64×186
Салмағы, кг	480

Басу мүмкіншілігінің таңдалған құрылымына бағытталған геометриялық диагностикалық шкалаларда да сызықтар бар болады. Соларды қадағалау үшін СПШ-К шкаласының оптикалық тығыздық өрісін 9-кестеден көруге болады.

9 Кесте – СПШ-К шкаласының оптикалық тығыздық өрісі

№ өріс	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Тығыздық	0,15	0,30	0,45	0,60	0,75	0,90	1,05	1,20	1,35	1,50	2,0

CtP – пластинаның сапасын бақылайтын құралдар. Қазіргі уақытта CtP – пластинаның сапасын бақылайтын құралдар түрлері өте көп. Солардың бірнешесін қарастырайық.

Спектроденситометр Techkon SpectroPlate– дайын формадағы растрлық элементтердің ауданын анық өлшеуге көмектесетін құрал. Форма аумағындағы графикалық бейнелердің үлкейтілген түрлерін зерттей отырып, растрлық элементтердің ауданын табуға көмектесетін құрал.

*X-Rite iCPlate2 X офсетті формаларды өлшеуге арналған қондырғы.*Сапалы дайындалған басу формалары сапалы басылымның қажеттілігі болып табылады. Ол уақытты үнемдеуге, бояудың, қағаздың және формалық материалдың шығынының аз болуына септігін тигізеді.

Форманы өлшейтін X-Rite iCPlate2 X қондырғысының техникалық сипаттамасы 10-кестеде көрсетілген [3].

10 Кесте – Офсетті формаларды өлшеуге арналған қондырғының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Қайнар көзі	R (опциональды OB)
Өлшенетін үлгі өлшемі, мм	1,3×1
Өлшеу	CMOS-матрица 648×488 пиксельдер
Дисплей, пиксель	160×80
Өлшенетін линиятура диапазоны, лин/см	65-380 lpi (26-147)
Өлшенетін растрлы элементтердің диапазоны, мкм	10-50 (опциональды)
Қайталануы	± 0,5%
Өлшеу уақыты, сек	3,4
Интерфейс	Бірізді
Электр өткізгіштігі, В	2 батарея 1,5 (формат AA)

1.7 Басуға дейінгі цехта қолданылатын материалдар

Пластиналар

CtP-ге арналған қазіргі кездегі пластиналар келесі белгілерге сәйкес бөлінеді:

- тіркелуші қабаттың спектарльды сезгіштік диапазоны;
- тіркелуші қабаттың қасиеті (ақпаратты тіркеу процесіндегі физико-химиялық реакциялардың типтері бойынша);
- экспонирлеуден кейінгі қосымша өңдеуді қажет етуі;
- басу кезінде ылғалдың қажеттілігі.

Жобалау үшін *Brillia LH-PCE* позитивті жарықсезгіш термальды пластиналар таңдалды. Термокүйдіруден кейін пластиналардың таралымға төзімділігі 1 млн-ға жетеді. Пластиналар бүлінуге қарсы жоғары төзімділікке

ие. Brillia LH-PCE термальды пластиналардың техникалық сипаттамасы 11-кестеде көрсетілген.

11 Кесте - Brillia LH-PCE пластиналардың техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамалары	Көрсеткіштері
Жарық көзі, нм	ИК-лазер, 830
Сезімталдығы, мДж/см ²	140
Мүмкіншілігі, lpi	200 (1-99%)
Қорғау қабат	FN-6
Таралымға төзімділігі, таңба	
термоөңдеусіз	200 000
термоөңдеумен	1000 000

Принтерге арналған қағаз – жоғары сапалы басу материалын алу үшін, өндірушілер әртүрлі типтегі қағаздарды қандай құрылғыда қолданатындығымен байланысты шығарады. Кез-келген принтерге арналған қағаз келесі көрсеткіштерге ие: тығыздығы, өлшемі және ақтығы. Қағаздың тығыздығы г/м²-пен өлшенеді. Ең кең таралған өлшем уйде де және кеңседе де қолданады, әр түрлі принтерлерде қолданатыны – А4. Принтерге арналған қағаздың негізгі өндірушілері: Epson, Hewlett Packard, Lomond, Verbatim, Xerox, Canon, Pelikan.

Плоттерге арналған қағаз – Lomond күліңгірт қағазы кең қолданысқа арналған: техникалық құжаттамалық басудан постер, плакат, афиша және әртүрлі өнімдерді дайындауға дейін қолданылады. Барлық бұл қағаздың сұрыптарынан жоғары дәлдікті бейнені ортасынан ғана емес, сонымен қатар шет жағына да орналастырылады [11].

1.8 Технологиялық есептеулер

Теру өндірісінің жүктемесінің кестелері А қосымшасында берілген.

2 Еңбек қорғау

2.1 Қауіпті және зиянды факторлардың талдауы

Полиграфияда қоршаған орта мәселелері әр түрлі қырларынан қарастырылады және жергілікті, ұлттық, халықаралық деңгейлерде шешіледі. Басылатын материалдардың алуан түрлілігі пен полиграфияда қолданылған химиялық заттардың көптігі соншалықты, олардың белгілі бір жағдайларда қоршаған ортаға тигізетін әсерлерін бағалау түрліше болып келеді.

Полиграфияда еңбек қорғау еңбекті қорғаудың, өндірістік санитариялық, полиграфиялық кәсіпорындардағы техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігінің құқықтық және ұйымдық мәселелерін қарастырады. Жобаланатын өндіріс басуға дейінгі цех болғандықтан, ол йехта жарықтандыру мәселелері кеңінен қарастырылады, өйткені табиғи жарықтану жеткіліксіз болып табылады.

2.2 Өндірістік жарықтандыру

Жарыққа сәйкес өндірістік жарықтандыру:

- жасанды – оны электрлік лампалар туғызады;
- аралас, бұл жасанды және табиғи жарықтандырудың қосылуынан пайда болады;
- табиғи – күн сәулесі мен жарық диффузиясынан туғызады. Басуға дейінгі цехында табиғи және жалпы жасанды жарықтандыру жобаланған. Жарықтандырудың сандық жағын зерттеу жарықтандыруды және жарықты өлшеу арқылы жүргізіледі.

Оларды табиғи жарықтандыру кезінде де, жасанды жарықтандыру кезінде де қолдануға болады.

Өндірістік кәсіпорындарындағы жасанды жарықталуының шарттары адамның көру жұмыс қабілеттігіне, физикалық және моральдық күйіне үлкен әсер етеді, ал бұл еңбек өнімділігіне және өнімнің сапасына әсер етуіне әкеледі.

Еңбектің жағымды шарттарын құру үшін өндірістік жарықталуы келесі талаптарға сай болу керек:

- жұмыс орындағы жарықталуы тазалық нормаға сәйкес болу керек;
- жұмыс бетіндегі және қоршаған кеңістіктің шектегі жарық мүмкіндігінше біркелкі таратылу керек;
- жұмыс бетіндегі кенет көленкенің болуы жарықтың біркелкі емес таратылуына әкеледі, сондықтан оларды мүмкіндігінше жою керек;
- көру алаңында жарқылдық (тура немесе шағылысқан) болмау керек.

2.2.1 Жасанды жарық есебі

Жасанды жарық үшін люмениециентті күндізгі жарық шамы қолданылады. Цехтың биіктігі 3,6 м.

1. Төбеден шамға дейін

$$h = 0,25 \cdot H = 0,25 \times 3,6 = 0,9\text{м}$$

2. Жарықтану беткейінің шамның іліну биіктігі

$$H = H - h = 3,6 - 0,9 = 2,7\text{м}$$

3. Шамның ілінуінің еденге дейінгі биіктігі

$$H = H + h = 2,7 + 0,9 = 3,6\text{м}$$

4. Шам қатарларының ара қашықтығы

$$L = 1,4 \cdot H = 1,4 \times 3,6 = 5 \text{ м}$$

5. Шамдар саны

Басуға дейінгі цехтың ауданы 171 м^2

$$N = \frac{171}{5} = 34$$

Шамдар 3 қатармен орналасады

$$34 \times 3 = 102 \text{ шам.}$$

Бұл шамдар төбеде бір-біріне параллель орналастырылады.

2.3 Электр қауіпсіздігі

Өнеркәсіптік зақымданудың сараптамасының көрсетуі бойынша, өнеркәсіптегі зақымданған адамдардың көбі электр қауіпсіздігінің сақталмағандығынан екенін көрсетіп отыр.

Электр тогының адам ағзасына әсері. Басқа қауіпті және зиянды заттарға карағанда, электр тогының қауіптілігі өте жоғары. Өйткені адам белгілі бір арақашықтықтан төніп тұрған қауіпті сезбейді. Адамның электрлік токқа деген реакциясы тек қана ол оның ағзасына әсер еткенде ғана пайда болады. Электрлік ток адамға әртүрлі әсер етеді. Мысалы: термиялық, электролиттік, механикалық және биологиялық жолмен.

Электрлік токпен зақымдану деңгейіне әсер ететін факторлар. Адам ағзасына электр тогының әсерінің ерекшелігі және зақымының ауырлығы адам денесінен өтетін ток күшіне байланысты, оның әсерінің ұзақтығына, түріне

және токтың жиілігіне, адамның өзіндік ерекшелігіне және басқа да факторларға байланысты. Адам денесінен өтетін ток күші – зақымдау нәтижесін көрсететін негізгі фактор болып табылады.

Токтың әртүрлі мөлшеріне байланысты адам ағзасына да әр түрлі әсер етеді. Токтың соғуы – организмге термиялық, электрлік және механикалық әсерден туындайтын күрделі химиялық-физикалық құбылыс. Электр тогы өткен кезде зардап шегушінің жеке түйсінулері әртүрлі: жеңіл соққы, дененің күйіп ашуы, бұлшық еттің құрысуы, дірілдеу. Электр жарақаты кезіндегі жүйке жүйесіне электр тогының әсері нәтижесінде пайда болған ортақ құбылыстар аса қауіпті. Ток соққан адам бірден есінен айырылады, бұлшық еттің қысқаруынан кейде зардап шегушіні электр тогы бар өткізгіштен ажырату өте қиынға түседі.

2.4 Техника қауіпсіздік ережесі

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша мағлұмат алған адам ғана цехқа кіруге болады.

2. Қауіпті аймақтары қоршалмаған ақаулы машиналарда жұмыс істеуге тыйым салынады.

3. Жұмыс орнымен жабдықтары таза ақаусыз тұруы тиіс.

4. Жуатын және жанармай материалда жабық ыдыста сақталуы тиіс.

5. Жуғыш заттармен бояу сіңген материалдармен қағаздар темір жәшікте сақталуы керек.

6. Цехта оттық зат, тамақ істеуге, темекі тартуға болмайды.

7. Баспагер цехта жалғыз қалып жұмыс істеуге болмайды.

8. Жұмыс істеуге және пайдалануға жарамсыз аспаптарды пайдалануға тыйым салынады.

9. Қосылған басылым машинаны бақылаусыз қалдыруға болмайды.

10. Цехта тамақтануға, азық-түлік сақтауға және сыртқы киіммен отыруға болмайды.

11. Электрлік двигательдерді оқушылардың өздігінен ашпауға, қапталмаған өткізгіштерге жақындамауы керек.

12. Ток өткізгіштің құрылғының тыс қаптамасының бүлінбеуіне жол бермеу керек.

13. Электр жүйесімен электр жабдықтары өз бетімен жөндеуге болмайды.

14. Машинада орнатылған жарық көздерінің қуат кернеуі 36V жоғары болмауы керек.

